



Манаш ҚОЗЫБАЕВ

Жұлдызым менің

Манаш ҚОЗЫБАЕВ

**ЖҰЛДЫЗЫМ
МЕНІҢ**



“Арыс”
Алматы
2001

ББК 84 Қаз 7-5
Қ 58

Құрастырушы – Зирабүбі ТӨЛЕНОВА

Қ 58 ҚОЗЫБАЕВ М. ЖҰЛДЫЗЫМ МЕНІҢ. – Алматы:
“Арыс” баспасы, 2001. – 240 бет.
ISBN 9965-007-87-X

Азамат, ұстаз, ғалым, қайраткер болып танылған тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы, мемлекеттік сыйлықтың, ҚР Президентінің бейбітшілік және ұлтаралық келісім атындағы сыйлықтың лауреаты, ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Манаш Қабашұлының “Жұлдызым менің” атты естелік, ғұмырнамалық еңбегі өзінің аналитикалық талдау, өмір тағылымына үңілу, тарихи шындықты сап болмысында сақтауымен құнды.

Кітаптың бір бөлімі – өлеңдер. Өмір бойы өзін достар ақыны, достық жыршысы санаған автор осы бөлімде жаңа бір қырынан танылады.

Автордың жетпіс жылдық мерейтойы қарсаңында жазған бұл туындысы сөз жоқ, ХХ ғасырдың сырын, мұңын, жырын білгісі келген қауымға, болашақ буынға арналған.

ББК 84 Қаз 7-8

ISBN 9965-007-87-X

Қ 4702250202
446(05)-01

© Қозыбаев М., “Арыс”, 2001

СЫРЫМ МЕНІҢ

(Кіріспе орнына)

Өмір тынысы, өмір ағысы, өмір арнасы. Өмірдің үш болмысы. Өмірге келген жанның бұл болмысты ойламағаны жоқ шығар. Осы арада еріксіз ұлы ойшыл, жан дүниесіне терең үңілген ақын Шәкәрім қажының “Білімділерге бес сауал” атты 1912 жылы “Айқапта” жариялаған мақаласы есіңе түседі. Дана бабамыз қойған бес сауал мынау:

- 1) Алланың адамды жаратқан мақсаты не?
- 2) Адамға тіршіліктің керегі не үшін?
- 3) Адамға өлген соң, мейлі, не жөнменен болсын, рахат-бейнет (сауап-ғазап) бар ма?
- 4) Ең жақсы адам не қылған кісі?
- 5) Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара ма? Қай түрлі жауап берсең де дәлеліңіз не?”

Бұл сауалдарға Шәкәрімнің өзі “Адамдық борышы” деген өлеңінде толық жауапты береді:

“...Өміріңді сарп қыл өлгеніңше,
Жоба тап,
Жол көрсет,
Келешек қамы үшін.
Қайтадан қайырылып
Қауымға келмейсің.
Барыңды,
Нәріңді
Тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң
Шын бақыт,
Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің!”

Жетпістің тұсы көрінген тұста:

“Барынды,

Нәрінді

Тірлікте бергейсін, – деген баба өсиетін орындай алдық па?

Бұл өмірді бықсық, көк түгін қылып, әуре еткен жоқпыз ба?

Өмірінде түйсіктен өткізіп, жан дүниенің әсер еткен шақтардың сабақтары қандай? Сұрай берсең, сауал көп. Біріне жауап берсең, екіншісіне жауап тауып айту да оңай емес.

Дегенмен де жетпістің қырқасына шыққан сәтте артта қалар ұрпағың үшін, дос-жарандар, тілектес, жүректес адамдар үшін (бөгде жанға сенің сырың не керек?) өз өмір жолыңнан хабар берген артық емес.

Екінші-үшінші сыныпта оқитын кезім. Көктем шұғыл күшіне енді. Жарқайың қойнауы көк желекке оранды. Қайың мен терек аралас орман құстардың құйқылжыған әніне бөленді. Көкектің дауысы дәл әйнек алдынан естіледі. Мен көзімді уқалап ашып, үйімізге іргелес Жарқайыңға таласа өскен тоғай ішіне жүгіре басып барғаным есімде. Күн көтеріліп, тоғай алқапқа түсіп тұр. Алаң толы гүл. Мен аң-таң, бұрын күнде шауып ойнап жүрген орман алқабын жаңадан көргендеймін.

Бір шөкім бұлт жоқ, көгілдір аспан асты тыныштық, ғажайып гармония. Мен көк шалғынға шалқамнан жата қалып аспан әлеміне қараймын. Барша әлемде өзімнен басқа жан жоқтай сезінемін.

Бұл өмір гармониясын түсіне бастаған алғашқы сәтім болса керек...

Ауылдың жүгірмек балалары жарысып, алысып Буылдық томарының басына жеттік. Күн жайма-шуақ, томар жағасында қызғыштар мен шағалалар ғана ұшып жүр. Анда-санда шүрегей үйректер Қарасу көліне зуылдап өтеді. Біз суға көп түстік, бірақ шыққымыз жоқ.

Бір кезде аспанда бұлт қаптады, күн қып-қызыл болып қанға боялды, бұлттар жөңкіліп ерсілі-қарсылы көше бастады, қызғыштардың жан дауысы шыққан шикылдары естіледі, кенеттен көтерілген жел жағадағы киімдерді үйіріп, ұшырып жатыр. Балалар улап-шулап жағаға шығып, ауылға оралдық. МТС кеңсесінің жаны қаптаған адам. МТС-тың бас механигі Виноградов баспалдақта сөйлеп тұр. “Война”, “Война” деген сөздер жиірек айтылады...

Бұл 1941 жылы маусым айының 22-сі күні болған оқиға еді.

Мен сол күні табиғаттың қантөгіс қырғын соғысқа деген ашуын көргендеймін. Өмір гармониясы бұзылып, бейбіт өмір әп-сәтте быт-шыт болғандай болды сол күні. Осы сәт, осы күннен бастап менің балғын балалық шағым бітті. Тіпті, мен үшін, менің құрдастарым үшін есею кезеңі басталды.

Арада жылдар өтті. Мен мұғаліммін. Бүкіл отбасы мен жұмыс істейтін “Үлгілі” колхозына көшіп келді. Далада иесіз қалған жер үйді, қора қопсысын біршама жөндеп орналастық-ау. Сабақ та басталды. Қазан айының басында тұңғыш еңбекақымды – 470 сом алдым. Атам Қозыбай 83-те, көбіне төсекте жатқанын ұнатады, баяғыдай далада жүріп, үй шаруасымен айналысуды қойған. Мен жұмыстан оралсам, атам бұрышта теріс қарап бүк түсіп жатыр екен. Қасына жақын келіп: “Ата! Мен еңбекақы алдым. Бұл менің алғашқы табысым”, – деп қолына ұстаттым. Атам қатты тебіренді, айналды, толғанды, батасын берді. Ақшаны жастығының астына салып жатып: “Шүкір Аллаға, енді ешбір шүбәсіз көз жұмсам да ризамын”, – деді. Кешікпей әкем ауыл ағаларын, замандастарын шақырып, шағын той жасады.

Мен жігіт болғанымды сезіндім.

...Университетте оқып жүрген кезім. Совет (қазіргі Қазыбек би) көшесі бойындағы 26-үйдегі ҚазГУ-дің корпусы. 1953 жылдың күзінде тұңғыш рет Қарасақал деген оқытушының кандидаттық диссертация қорғап шыққан кезіне куә болдым. Сол жылы Х.Махмудов деген доцент көне славян тілінен сабақ берді. Өзінің КСРО Ғылым академиясының академигі Мещаниновтың оқушысы екенін лекция сайын айтатын. К.П.Коржова деген оқытушымыз курс зерттеу жұмысын жазғызып, “Ағайынды Грахтардың реформасы” деген еңбегіме “Студенттерге оқу құралы ретінде пайдалануға болады” деп бағалады. Студенттік ғылыми қоғамның мүшесі болып, үшінші курста жүлдегер атандым. Осылайша тек қана оқытушы, ұстаз ғана емес, менің ғылым жолына түсетініме сенімім нығая түсті.

Міне, оқу да аяқталды. Бұл күні мен шала ұйықтадым. Ерте тұрып соңғы мемлекеттік емтиханға бірінші болып еніп, оны үздік тапсырып, 1948 жылы оқуға түскендер ішінде алғашқылардың бірі болып университет бітіріп шықтым. Емтиханнан шығысымен Никольский базарына келіп, бір кесе айран алып ішіп, оразамды аштым.

Бұл күн 1953 жылдың 20 маусымы еді. Мен Қозыбай әулетінде тұңғыш рет жоғарғы оқу орнын бітіргендігімді есіме алдым, өзімнің азамат болғанымды сезіндім...

1956 жылы 7 қарашада Пішембайқызы Сарамен отасып, шаңырақ көтердік. Жаңа өмір арнасы басталды...

Енді, міне, сол өмір белестеріне бір сәт оралар да кез келгендей.





I бөлім

Жұлдызым менің

*Мен келемін, мен келемін асығып,
Қалам ба деп орта жолда шашылып.
Берерімді елге беріп, халыққа,
Кеткім келед толығынан ашылып.*

Автор

Жұлдызым менің

Түн... Сықырлаған арбалардың даусы. Анда-санда күбірлеп сөйлеген жолаушылардың үні естіледі. Жарқайыңнан Қарашілікке тартылған тура жол Жаңақалаға (орыстар “Прорыв” дейтін) бет алып, солға қарай ойысты.

Біздің арбамыз базаршылар тобының орта шенінде. Асығар емес, ақырын ілбіп өгіз аяңмен келеміз. Менің сапарласым етікші Иван, ауылға көктен түсті ме, жер астынан шықты ма, әйтеуір біздің елде тұрып жатқанына бір-екі айдай уақыт өтті. Қайдан келгенін ел білмейді, өзі айтпайды, еш адамның онымен жұмысы да жоқ. Соғыс басталғалы өткен екі-үш айдың ішінде әркім өз басымен әлек, қаңғырып келген Иванда не шаруасы бар. Саусағы толған өнер, шеберлігімен, ісіне деген адалдығымен бүкіл елді өзіне тәнті етті. Етік дейсің бе, мәсі дейсің бе, бәрін тігеді, қас шебердің өзі. Енді, міне, еңбегіне алған бірнеше қапшық бидайды базарға апара жатыр. Ауылда Иванды көбіне “Сақал” дейді, өйткені оның қара сақалы беліне түседі, бірақ көз жанары Иванның жастығын айтпай-ақ әйгілеп тұрғандай.

Иван үнсіз, божыны маған ұстатып, өзі шалқасынан жатыр, аспан төңкерілген қазан іспетті, тек оның іші жұлдыздарға толы. Бір кезде Иван басын көтеріп алып, оң қолының сүк саусағымен көкті меңзеп:

— Манаш! Сен ана бір жарық жұлдызды көрдің бе? Ол менің жұлдызым! — деді де қисая кетті. Басын қайтадан көтерді: Манаш, біздің орыстар айтады, әр адамның өз жұлдызы жарық деп. Байқайсың ба, менің жұлдызым басқа жұлдыздардан жарық, әрі биік. Ең қызығы — ол маған ыстық. Мен оған ынтықпын.

Мен аң-таң қалдым.

— Сонда, Ваня ағатай, осы аспанда менің де жұлдызым бар ма?

— Бар, болғанда қандай! Сен оны таңдап аласың. Ол сен дүниеге келген күні жаратылған, тек соны білмей келгенсің. Әне, байқадың ба, бір жұлдыз ағып барады, ол бұл дүниеден пәни дүниеге кеткен жанның жұлдызы. Түсінікті ме?

Мен басымды изедім. Енді аспаннан екі көзімді алмай ұзақ қарап келемін, қол созсаң ұстап аларлық жақын ірі жұлдыздар, одан әрі қарай жыпырлаған уақ жұлдыздар,

апыр-ау, қандай көп, керемет көп десеңші! Бұлардың ішінен өз жұлдызыңды табу оңай да емес сияқты. “Ғажап, Ваня ағай қалай тез тауып ала қойды өз жұлдызын”, – деп ойлаймын. Көзім талып, әбден шаршадым, бірақ өз жұлдызымды іздеуді тоқтатқан емеспін. Бір сәтте аспан әлемінде бір жұлдыз маған көзін қысып, жылмындағандай сезілді. Ішім жылып қоя берді.

— Таптым, Ваня ағатай, жұлдызымды, ол да мені таныды, өне, өне, өне, – деп дауыстап жібергенімде көзі ұйқыға кеткен етікші Иван да оянып, күліп жіберді.

— Жарайсың, Манаш! Сен үшін қуаныштымын. Әрқашан сенің жұлдызың жарық, биік, көрікті болсын!

Ішімнен: “Айтқаның келсін!” – деп риза болып жатырмын.

Арбашылардың абыр-сабырға түскен қозғалысы байқалды.

Қарасам, Жаңақала-Прорывқа, орыстың базарлы селосына келіп қалыппыз. Қолдан үйген топырақ көпірдің басында базаршылар арбадан түсіп, аттарының басын ұстап, кезек-кезек көліктерін өткізе бастады.

Ең басты жұмысымды – өз жұлдызымды тауып жайланған көңіліммен немқұрайлы мен де арбадан түстім. Аспанға қарасам менің жұлдызым да Иесін тапқанына қуанып, жайланып алғандай көрінді.

* * *

Өң мен түс

Менің балалық шағым түс сияқты, бейне бір өткінші елестер ғана көз алдыма келеді. Бір жылы ауылдың қыр беткейі жанды, түнгі өрт бүкіл әлемді қызартып, жарқыратып жібергендей. Барлы-жоқты дүниені бричкеге артып, оранып далада қонып шықтық. Сол өрттен бүкіл беті отқа шарпылып оралған нағашы атам Бәкі (Махмет) есімде. Нағашы атам ағаштан түйін түйетін шебер еді, бітеу ағаштан домбыраның сұлбесін жасап, сөреге кептіруге қоятын. Соны көрмекші болып, аламын деп ұмтылған малшы, жарымес Молдай сорлы қолынан кеспек ағашты түсіріп алғанда ұйықтап жатқан атамның басын жарып, соның артынан ұзақ уақыт төсек тартып жатқаны есімде. Кейін көп кешікпей дүние салды жарықтық. Сақи әжемнің маған шапан тігіп, көршілерден байғазы сұрап барғанымды білемін. Әсіресе, Қамбар атамның

үйінде кеудеме бір ақық қадағанда қатты қуанғанмын.

Қай жылы екенін білмеймін, мен қызылша болып ауырдым, шымылдық ішінде ұзақ жаттым. Алғаш тәуір болып, молақ ағаш үйдің әйнегінен қарасам, желіп келе жатқан көсем ат мектепке жете берген жерде мұзға тайып құлап, алдыңғы екі аяғы екі жаққа айырылып кеткенін анық көрдім. Келесі күндері күншуаққа жиналған оқушы балалардың мектеп үйінің жоғарғы бөренелеріне жабысып тұрған жарқанатты ұстап алып, өлтіргені есімде қалыпты.

Сол жылы күзде мен Қожағали деген досыммен ойнап жүріп, оның Файни деген апасына еріп, ол оқитын сыныпқа бірге кіргеніміз бар. Қожағалидың Сұлтанғали деген әкесі ұста еді, үлкен қос құлағын бұрайтын диірмені болатын. Мектеп мұғалімі Қажі Бектұров (1937 жылы ұсталып кетті) “р” әрпін үйретіп жатыр екен. Қажі аға әкемнің досы еді. Мен Қажі ағаға еркінсіп:

– “Р” деген не? – деп сұрадым. Қасыма ақырын басып келіп, жеңінің ішіндегі сызғышын алып, тақыр басымнан:

– Иттің “р”, “р”, “р” – ырылын білмейсің бе?, – деп шарт еткізді. Келесі үзілісте Қожағали екеуміз зытып отырдық.

Жалағаш балалар бақшасы. Ауылдың кішкентай балалары түгел жиналған. Бекбосын атаның Мырзақ атты баласының әйелі Сақан бізге қызыл труси үлестірді. Баршамыз оны киіп алып жарыса жүгірдік. Ата-аналарымыз мәз. Шамасы ойлаймын, ауылда тұңғыш балалар бақшасының ашылған күні болуы керек. Бірақ менің бақшаға баруым сол қызыл трусикті бір киюмен аяқталды...

* * *

Тапанша

Ойда жоқта үйге қонақ келді. Майлыағаш ауылдық кеңесінің төрағасы Мұхиттың інісі әйелімен, мен қатарлы 5-6 жасар ер баласын ерте келіпті. Қонақ бала су жаңа костюм киген, аяғында қара ботинкасы бар. Жалаң аяқ, жалаңбас, ұзын балақ дамбал киген бізге қарағанда ол ғарыштан түскен ғаламат сияқты. Ең ғажабы – қолында ойыншық тапаншасы бар. Ұстауға да бермейді.

Қонақтар бір-екі күн жатып қалды. Күн ақ жаңбыр. Шамасы дайын көлік бола қоймаған болу керек. Баланың

аты бала емес пе, шалшық суда дамбалдың балағын түріп алып, шалпылдатып шауып жүрген бізге қонақ бала да қосылды. Алайда оның бізбен ойыны ұзаққа бармады. Шауып жүргенде тапаншасын түсіріп алыпты. Еңіреп жылаған баласын көріп, оның әке-шешесі бөйек болды да қалды. Әке-шешем тапаншаны мен ұрлап алды деп ойласа керек, басыма әңгіртаяқ орната бастады. Күн бұлт, бір тоқтап, бір себелеп жауады. Кәдімгі ақ жаңбыр. Соған қарамай шалшық суды кезіп, көгал шөпті жапырып, тапаншаны күні бойы іздедік. Құрып кеткір тапанша жоқ, кінәлі адамдай басымды көтермей мен де іздеп жүрмін, ақырын көзді сулап қоямын. Келесі күні қонақтар аттанып кетті, қонақ баланың бетіне тура қарай алмай мен қалдым. Үйіміз қонақсыз болмайтын. Бірақ балалық кездегі осы бір беймаза қонақтар менің есімде мәңгі қалыпты.

* * *

Жер жұтқан Тұрбай

Адам дүниеге келеді, дүниеден өтеді. Бұған тандануға бола ма? Осы табиғи құбылысқа денесі үйренген халық қанша қайғырса да, гректер айтқандай, “уақыт – дәрігер” емес пе? Бірте-бірте жан жарасы да тартылып, кескен қылыштың орнындай білеулене бітпей ме?

Өмірде біреу жасы жетіп, тозып өледі, енді біреу тосыннан кенет келген кесапаттан өлшеулі өмірден ерте озып өледі. Уақыты келіп, бір адамның өміріне жететін қуат-күш таусылғанда келген өлімді халық “ақ өлім” дейді. Аяқ астынан келген ажал жас қыршынды қиып кеткенде халық оған еш дәлел айта алмай қиналады. Шынында жасарын жасамай, өмірден алып, бірақ беретінін бермеген, ойнап қызығын көрмеген пенденің кенет өлімінен не аянышты?

Жалған дүниенің артыңнан соққан желіне желкілдеп аға бермей, азды-көпті өмірінде із қаларлық еңбек еткен, жақсылығы жанындағы жандарға нұр болып жауған адамды “өлді” деп айтуға ауызың бармайды.

Өмірге келіп пайдасыз, масыл болып қана қоймай, адам баласы кеше алмайтын жамандық жасаған пенде қоғамда жоққа шығарылып, тірідей бір өлсе, өз ажалынан екінші рет өледі. Ондай кесапатты ұл мен қызды халқы өмірде

сүлдерінің сүйретіліп, тірі өлексе болғанына қарамай, өмір санатынан сызып, жан дүниесінің есебінен өшіріп тастайды. Дана халық ғасырлар бойғы тарихында кешірімес күнә жасағандарды “адам” деген киелі атақтан ада етіп, міне, осылай жазалаған.

Алыстан аңсап ел жаққа барсам, Тобыл табанындағы Жарқайың ауылының ескі бейітіне соқпай кетпеймін. Бұл бейітте менің қандас, жандас көптеген туыстарым жатыр. Қадиша, Қайниса әжелерімді, Махмет (Бәке) нағашы атамды, Совет, Қайырқамал бауырларымды, әкесі 1937 жылы итжеккенге айдалған нағашымның жалғыз ұлы Шәйкені есіме алып, бейне бір батпандай борышымнан, парызымнан жеңілдегендей боламын.

Жарқайың бейіті-Жамал апайдың мәңгілік қонысы. Бес беріс, алты аласы жоқ осы жан бұл күнде баршаға ортақ, жақын туыстай. “Жатқан жерің жайлы болсын, Жамал апа!”-деп ыстық сезімді білдіремін...

Жамал Омарқызы әйел затының сұлуы, хор қызы десе болғандай жан еді. Тізеден түскен қос өрімді қолаң шаш, жаудыраған бота көз, қызыл шырайлы, қыр мұрынды, оймақ ауызды, қоңыр дауысты Жамалдың бейнесі әлі көз алдымда. Бала болсам да Жамал апаның осы жаратылысына танданып, тамашалап ұзақ қарайтынмын. Түр сипатына мінезі сай, жайма-шуақ жан еді. Жамал апа жер басып жүрмейтін сияқты көрінетін, аяғының ұшымен, қара жерді аялап басып бара жатқанда, айдын көлде пандана жүзген аққу құсқа ұқсайтын. Шын мәнінде Жамал апа әйел затының аққуы еді-ау!

30-жылдардың басында Жамал апа бір ұл, бір қызбен, сүйіп қосылған қосағы Әшімхан қаза тауып, жесір қалды. Жамалға қадірін білетін үйленбеген сұр бойдақтардың талайы сөз салды. Арада екі-үш жыл өтіп кетті. Кенет бүкіл ауылға “Жамал Тұрбайға шығыпты” деген хабар тарады. Бірде-бір пенде әуелі бұған иланбады, тек шындыққа көздері жеткен кезде бір асыл затын жоғалтқандай мұңайды. Тұрбайдың кісіге қарап сөйлеп, не күлгенін ешкім көрмеді десе болатын. Төртпак, бұжыр, мойын омыртқасы бір тұтам, итбалық сияқты жан еді. “Меңіреу”, “мақұлық”, “албасты” деген теңеулер Тұрбай деген есіммен қатар жүретін.

Жасы жиырма бестен аспаған жас ару жексұрын Тұрбайға неге шықты? Әрине, бұл сұраққа қазір түгіл сол кездің өзінде жауап тауып айту қиын еді. Қалай болғанда да жас ананың үйелмелі-сүйелмелі екі балапанын ойлағаны сөзсіз. Сұлу Жамал өзінің ыстық махаббатымен Тұрбайдың мүлгіген жақсы қасиеттерін оятамын ба, адамгершіліктің жолына саламын ба деп те ойлауы ғажап емес. Әрине, әлі жас, өмір тәжірибесі аз Жамал тәрбие табиғаттан түйсік біткен адамға ғана қонатынын білген жоқ. Сұлу Жамал қара жүрек, дөрекі Тұрбаймен ұзақ өмір сүре алмайтынын кешікпей-ақ түсінді. Бірден айырылып кетуден елден ұялды. Екі балапаны Сақтаған мен Қамал Тұрбай жұмыстан үйге келгенде бір бұрышқа тығылып, тазы итті көрген қояндай қалшылдап қалатынды шығарды. Түн бойы шошып, еңкілдеп кезек-кезек жылайды. Бес жасар Қамал сөйлегенде кекештеніп, бір сөзді айтқанша маңдайы пыршып терлейтін болды. Жатар кез келгенде Жамалдың өзі де кірпінің қойнына жатқандай денесі сескенеді. Шындық осылай ұятты жеңді. Талай танды ұйқысыз өткізген Жамал Тұрбайға өзінің онымен отбасын құрып тұра алмайтынын айтуға мәжбүр болды.

Тұрбай Жамалды өзінше сүйетін. Оның бұл сүюі моладағы көр қазып кәсіп етушілердің өлікті сүйгеніндей махаббат болатын. Жамалдың шешіміне ол ешбір ойланбастан: “Сен, Жамал, есінде болсын, менен тірі кетпейсің. Бұл үйдің табалдырығын аттағанда басың домалап жерде жататынын біліп қой”, — деп жауап берді. “Сен сияқты мақұлықпен өмірімді еш еткенше, екі жас сәбиімнің көз жасына қалғанымша, өлгенім жақсы”, — деді Жамал.

Келесі күні Жамал жұмысқа шықпады. Екі баласын әкесінің үйіне апарып тастап, азды-көпті дүниесін жинай бастады. Шешесінен қалған шашақты шәліге көйлектерін, ас-суын, желең шапанын, балаларының киімдерін салып бөлек буды. Дастарқанға ақ құман, кесе, орамал сияқты дүниелерін орады. Екі түйіншекті екі қолына ұстап үйден шыға берді. Көң қораның ашық жапсарынан күнге шағылысқан бір зат жарқ еткенде бүкіл әлем құлап бара жатқандай сезінді...

Шаңқай түс. Көк көтеріліп қалған, қалы кілемдей. Жалаң аяғыңа жер басқаның білінбейді. Ұзын, кең балақ қазақша

тігілген мол дамбалды тіземе дейін көтеріп, Камал досыма зырылдап жүгіріп келемін. Екі үйдің арасында үй жоқ. Күндегі әдетімше есіктен кірмей, көң қораға ырғып мініп, тесіктен секіріп те үлгердім. Шағын ғана қораның үйге кіре беріс жағында Тұрбай тұр. Өзі түрсіз жан түтігіп, қап-қара болып кеткен. Кеспелтек денеге жабыса біткен итбалық бас тесірейе төмен мелшиген. Дәл қазір менің алдымда аңшы Тұралының қабаған төбеті байлауынан босап кеткендей, енді болмаса бас салып, жеп қоярдай көрінді.

Айқара ашылған есіктің табалдырығының алдында етпетінен құлап, қанға боялған Жамал апа жатыр. Қан-қан қара балта Тұрбай мен Жамал апаның ортасында “Менде жазық жоқ” деп қанды жасқа булығып жылағандай. Екі бөлек оралған зат табалдырықтың екі жағында.

– Ойбай, ойбай, ойбай, – деп айғайлап жібергенімді де білмеймін. Ытқып қорадан қашып ала жөнелдім, үйге қарай ұшып келемін, денем қалш-қалш етеді. Кекештеніп, өзер дегенде үйдегі қонақ пен әке-шешеме не көргенімді айтып бердім. Дастарқан басынан қонақ-аудандық партия комитетінің бөлім бастығы Ахмет Айтмұхамбетов пен әкем дереу атып тұрды. Жаманат жата ма, әлдемде ел жиналып қалыпты. Текеметке Жамал апаны көтеріп салып, далаға шығарды. Отқа киіз бастырып, қан шапшып ағып жатқан құлақ шекеге басып жатыр. Қалың елдің Тұрбаймен жұмысы жоқ. Бар ықыластары Жамал апайда. Аудандық уәкіл Ахмет шапшаң, батыл қимылдың кісісі екен. Екі қолын артына байлап, тепкілеп, түйгіштеп Тұрбайды қорадан алып шықты. Жетпіс жеті атасынан сау қалдырмай боқтап-ақ жатыр. Қалың жұрт қақ жарылып жол ашты. Тұрбайдың жеңгесі Еркеқыз шешей көп ортасынан шыға келіп: “Қарғыс атсын. Бүкіл әулетімізге сөз есітгірткен сендей көк есектің дүниеде барынан жоғы жақсы. Қайран Жамалдың садағасы кет!” – деп қайнысының бетіне былш еткізіп түкіріп жіберді. Сол-ақ екен Тұрбайға бір топ адам тап берді. Біреулері аяқтарын шолтандатып тепкілеп жүр, біреулері жұдырықпен, біреулері таяқпен Тұрбайды ұруда. Осы бір сәтте Жазы ақсақалдың: “Тоқтандар!” – деген дауысы саңқ етті. Жұрт су сепкендей оасылды.

– Е, халайық, бұл Тұрбай қолын жазықсыз жанның

қанына бояды. Екі дүниеде қарғыс атқан пендеге кешірім болмақ емес. Үлкенді-кішілі қолдарыңа бір-бір кесек алып, атыңдар кісі өлтірушіні! Сен Тұрбай мұны кіндік кескен жеріңнің, өскен еліңнің қарғысы деп біл! Еліңнің қасиетті жерін тіріде саған басуға болмайды, өлсең көмуге болмайтынын біл! Лағнет атсын сені, Тұрбай!

Жиылған жұрттың баршасы Жазы атаның сөзін екі етпеді. Қолдарына түскен тас, ағаш, балшық, тезекті кесек қылып, екі қолы байланған күйі шеңбердің ортасында қалған Тұрбайға лақтыруда.

Қарғыс тасын жасы жеткен қариялар, апалар, тіпті мектеп жасына жетпеген біз сияқты балалар да аттық. Оны атпаған елде жан қалмады. Тіпті Тұрбайдың жақын ағайындары да, аталас туыстары да атқылаудың бел ортасында жүрді. Халықтың қарғысына ұшырап, лағынет атқан, жазықсыз жанның қанын төккен сүйкімсіз, тұрпайы Тұрбай ел жүрегінде сол сәтте біржолата өлді. Жақтауы мен көлденені бірдей пар ат жегілген бричка Есет пен Есқали үйінің ортасына келіп тоқтады. Шағын ғана алаңға кісі толып кеткен. Бала-шаға көрші үйлердің төбесінде жапырлап тұр. Бричкаға қолдарына мылтық ұстаған 21 жасар Бажырдың Қайдары және атты әскерден жаңа оралған Сейітқалидің Қозықаны мінді. Он шақты адам көтеріп қанға малынған Жамал апаны бричкаға салды. Қапшыққа оралған қанды қара балта да бричкадан орын алды. Менің әкем мен Ахмет бричканың артында бір метрдей шығып тұрған арысының үстіне қыста жарылған қисық қайыңның бірнеше кесінділерін көлденең бекітті. Қолы артына қайырылып байланған Тұрбайды олар теріс қаратып, жаңағы жарған жағы бетіне қараған кесінділердің үстіне отырғызып, қыл арқанмен тағы да байлап тастады. Бүкіл ел болып ессіз-түссіз жатқан Жамал апаны аудан емханасына, қайтып келмес ақтық сапарына, Жарқайыңның сыртына дейін шығарып салды...

Жадырап жаз шыққаннан бері үзіліс болса асыға жүгіріп далаға шығамыз. Соғыс басталғалы не қыс, не жаз басымызда еркіндік жоқ. Қатын-қалаш, кемпір-шалдың ортасында қалған біз сияқты бала-шаға еріксіз ерте есейген шағымыз десек те, осы сабақ арасында ғана балалығымыз есімізге түседі. Жалған дүниедегі соғысты да, қайғы мен қасіретті

де, қабысқан қарынның қамын да ұмытып, ойнағымыз келеді. Бірақ сылдырлаған қоңыраудың дауысы жаңа қызып келе жатқан ойынымызды еріксіз бұзады. Бүгін бостандық бізге молынан тиді. Оқытушымыз Кәкір ағай қатты науқас, төсек тартып ауырып жатыр. Бір сабақ бойы боспыз, сиырдың жүнінен жасаған доппен ұрып қашу ойынын бастап келіп жібердік. Доп аспанға шарқ ұрып барады. Ал Қамал болса доп жерге түсіп, күзеттегі ойыншының қолына түскенше мезетті жерге тезірек барып қайту үшін зымырап жүгіріп барады. Кенет ол кілт тоқтады. Қарсы алдынан келіп қалған қара киімді адамның ол Тұрбай екенін бірден таныды. Өңі қашып, селкілдеп кеткен Камалдың “Т-т-т-Тұрбай” деп таңырқап созып айтқан ащы даусын бәріміз де естідік. Бұдан он жыл бұрын бүкіл ел қарғысымен жүрегінен сызып тастаған Тұрбайды бұл жалған дүниені басып жүр деп кім ойлаған. Қамалдың жаңағы сөзі бұлтсыз ашық күнде найзағайдың тарс еткеніндей әсер етті. Ешқайсымыз бір-бірімізге ләм демей, сыныптағы он үш бала Тұрбайды ортаға алып кесекпен атқылай бастадық. Аяғында керзі етік, басында көзіне түсіре киген кепкесі бар. Сүзеген бұқа құсап, аяғының астына қарап Тұрбай бара жатыр. Үнсіз-түнсіз меңіреу қалпы, біздің қимылымызды маса шаққан құрлы көрмейді. Асыға басып немере ағайыны Есеттің үйіне кіріп кетті. Бес баласынан қара қағаз алған қаралы Еркеқыз қайнысын қалай қарсы алғанын жан баласы білмейді. Бірақ сол күні түнде Тұрбай ғайып болды. Ешкім содан кейін Тұрбайды көрмеді. Ал бүкіл елде “Тұрбай келді”, “Тұрбай тірі екен” деген бір жан болмады. Қарғысқа ұшыраған Тұрбайды Жамалды балталап өлтірген қораға кіргенде қара жер көтере алмай, қақ айырылып жұтты деген аңызды осы уақытқа дейін естуге болады.

Жамалдың ұрпақтары ер жетіп, үбірлі-шүбірлі болды. Жыл сайын мамыр айында олар көктемнің қалы кілем түріндей желкілдеген гүлін жап-жас күйінде өмірден өткен Жамал апаның бейітінің басына қояды. Осы бір шақта жайдары, жан баласының сұлуы, арманда кеткен жас Жамал ана да тебіреніп, аунап түскендей сезінеміз.

Менің санама өшпес із қалдырған бір оқиға осылай өрбіген еді.

* * *

Соғыс отына шарпылған балалық

Мен мектепке 1937 жылы 1 қыркүйекте бардым. Мойнымда апам қолдан тігіп берген шүберек боқшам бар. Оқуға әкем апарды. “Еңбек” бастауыш мектебінің меңгерушісі — Ахметқазы Шотаев, мұғалімдер — ерлі-зайыпты Мұхамбетқали Қазыбаев, Нағима Ахметова. (Қазіргі күні бұл ауыл жоқ, тың игеру кезінде ел ыдырап, ауылды бейітімен қоса жыртып жіберіпті). Линейкадан кейін бірінші, үшінші сыныптар бір бөлмеге тығылып, сығылысып оқи бастадық.

Сол жылы желтоқсан айының 12-сі күні Жоғары Кеңес сайлауы өтті. Біздің мектеп сайлау учаскесі болды, біз енді жылқышы Шүйіншалының ауыз үйінде оқитын болдық. Еденге қамыс төселген. Парта, тақта жоқ. Жанымызда гүрілдеп сепаратор сүт ағызады, ошақ басында қыбырлап-жыбырлап әйелдер жүреді. Сығырайған әйнектен жарық түспейді. Есіктің кіре беріс босағасында бес-алты айлық бұзау байлаулы, екінші босағасында ер-тұрман, шиті мылтық, т.б. үй иесі жылқышы Шүйіншалының кәсібіне керекті дүниелер. Менің үйім Басмалдыбайда, мектептен екі-үш шақырым алыста, аязды, боранды күндері мен Аяқ Малдыбайдағы осы үйде қалып қоямын. Жанұзақ деген өзімнен ересектеу баламен бірге қонып шығамын. Шүйіншалы әкемнің алыс нағашылары еді.

Біздің Малдыбай ауылының балаларын оқуға Қожахмет деген почтальон бастап әкеліп, алып қайтатын. Оның жалғыз, толықша келген томпақ мұрын қызы менімен бірге оқитын. Күн суықта қалың киінген бізді дәретке отырғызу да сол Қожахмет ағаның мойнында болушы еді. Ол кезде сияны кішкентай шыныларға құйып, қалтаға салып апаратынбыз. Ол болса төгіліп, денеміз көк ала сияға боялатын. Мектепке Қантомар деген ауылдан да (жеті шақырым) балалар жаяу келетін. (“Еңбек” мектебінің бүгінгі мұрагері осы Қантомардағы “Теңіз” орта мектебі). Оларды Мурзин Аманжол мен оның бір сыныпта оқитын апасы Зекен бастап келетін. Екеуі де сабақтарын жетік білетін үздік оқушылар еді. Маған бойы биік, мөлдір бота көзді қара торы Зекен өте ұнайтын. Ахметқазы сурет салатын, балаларды кесте тоқуға үйрететін. Асыл Әміржанова деген қыз Лениннің бейнесін кестелеп, аудан бойынша өнерпаз атанды.

Ахаң орыс тілінен, таза жазудан сабақ беретін. Некрасовтың, Пушкиннің, Крыловтың шығармаларын жаттататын, дикциясы өте анық, бояуы қанық болатын. Орыстың “в” деген әрпін айтқанда екі езуін жымқырып, “ф”-ны екі ұртын бүртитып оқитын. Кейін педагогикалық училищеде оқығанда мен орыс тілінен сабақ беретін мұғалімдердің ерні мен ұртын аңдып әуре болып жүрдім. Бақсам, Ахаң бізді алғашқы сәтте үйретуге пайдаланатын әдісі екен.

Ахаң өнерлі жан еді, ерінбейтін, жалықпайтын. Мектептің көркемөнер үйірмесін өзі басқаратын. Жақсы оқыған балалардың суретін салып, мектептің қабырға газетіне бастыратын. Кейін Ахметқазы республика көлеміндегі атақты педагогтардың бірі болды, екі рет Ленин орденімен наградталды, республикаға еңбегі сіңген мұғалім атағына ие болды. Біз ұстазымызды қатты сыйлайтынбыз. Мен Ахаң басқарған мектепте бес жыл оқыдым.

Алғашқы дәріс алған ұстазым Ахметқызы Нағима апай еді. Күләш деген сүйкімді қызы болды, өзі де аққұба, нәзік, көрікті жан еді. Сабақты жақсы оқығаннан болар, апай мені жақсы көретін. Апай мені нашар оқыған балаларға бекітіп, сабақтан тыс кезімде көмектесуімді өтінетін. Бірде Базарбаев Сағындық деген нашар оқитын балаға көмектесуге бекітті. Ол бірнеше жыл бойы көбейту кестесін үйрене алмай-ақ қойды. Бірде Сағындық далаға шығып келейін деп келмей қойған соң, іле артынан шықсам, үйіне қашып барады екен. Қуып ала жөнелдім. Сол сәтте қарсы жақтан қолында ұзын шыбығы бар Сағындықтың анасы тентек Қазына апай айқайлап шыға келді:

– Мектепте Ахметтің қызы, үйде Қабаштың жетпегірі балама күн көрсетпейтін болды, құдай! Мен кейін қарай қашып үйге тығылдым. Сағындыққа ұстаздығым осылай сәтсіз аяқталды.

1943 жылғы жаңа жылды қарсы алғанмыз есімде. Ауылдан сегіз-он шақырым жердегі жалғыз өскен қарағайды кесіп әкеліп, жаңа жыл шыршасын орнаттық. Алдар көсе туралы пьеса қойып, бүкіл ауылға көрсеттік. Менің Алдар көсе болып ойнағаным есімде. Аяз Ата болып, бір қаламды үшке бөліп, бес-алты қаламұшты, бірнеше

өшіргішті сыйлыққа үлестірдік. Болар болмас сол сыйлықтарға оқушылар мәз болды. Шамасы Сталинградтан кейін елдің жеңіске көзі жетіп, көңілдерін жұбатуға Ахан мектеп мүмкіндігін пайдаланған болуы керек. Қалай болғанда да бұл акция елді серпілтті, біздің мәңгі есімізде қалды.

Мен есепке алғыр болдым. Төртінші сыныпта оқитын Ақан Нұрғалиев барлық есепті маған шығартып алатын. Әубәкір Бекбосынов ол есептерді шығара алмайтын еді. Ал Ақан қоңырау болар тұста ғана шығарған болып, сынып мұғалімі Әубай ағайды тәлкек ететін. Ауыл балалары демалысты жаз бойы шағын Қарасудың басында өткіземіз. Біздің Қара теңізіміз де осы шағын көл. Бір жылы жездеміз Ермағамбеттің құнанының алдыңғы аяғына шор пайда болды, түнге қарай аяғына кіші дәретпен компресс жасап емдеді. Күндіз келіп легенге кіші дәретін сындырған балаларға бір конфеттен награда береді. Суға көп түсіп, денесі салқындаған балалар ауылға қарай жарыса жүгіреміз. Әрқайсысымыз өз наградамызды ауызға салып, көлге қайта ораламыз. Маған қапсағай бойлы қара торы Ерекең әлі леген басында шарт жүгіне, күлімсіреп, жамыраған қозыдай шулаған ауыл балаларына конфет үлестіріп отырғандай көрінеді...

Мен 1941 жылдан колхозда еңбек еттім. Әуелі біз колхоз егіндігіне өскен арамшөпті жұлу бригадасында істедік. Күн ыстық, үйден апарған судан басқа ештеңе татпаймыз. Жей қоятын бір үзім нан да жоқ. Сүттіген деген арамшөптің сүт сияқты сөліне топырақ жабысып, қолға қатып қалады, жусаң кетпейді. Мен шөп бригадасына ауысып, учетчик болдым. Екі метрлік жер өлшейтін аршынға бойым жетпей әлек болатынмын.

1943 жылы күзде егін бригадасына учетчик болып ауыстым. Бір қолы шолақ Әбдіғали таң ата оятып, есімізді шығаратын. Лобогрейкаға колхозшылардың сиыры жегілетін. Ұшына сым байланған ұзын дойыр қамшыға әлі келмей, сирақ орнына сиырдың емшегін сабалайтын лобогрейкадағы айдаушы балалармен дауласқан әйелдердің ащы дауыстары бүгінгі күнге дейін құлағымнан кетпейді. Сүт орнына қан сорғалаған сиырларын көріп, сорлы

әйелдер күн көрісінен айырылып қалғандығын айтып зар жылайтын, айдаушы балаларға ұрсатын. Сиырды лобогрейканың түп жағына жегу де қауіпті еді, кейде үркек пардағы екінші сиыр лобогрейканы кілт тартып қалса, түпкі жегілген сиырдың аяғын орақ қиып кететін. Таңертең қос басынан аттанып кету жорыққа аттандырудан бірде кем болмайтын. Дәл осындай абыр-сабыр егіншілер орақтан оралған тұста да жиі болатын.

Есімде шөпшілер мен егіншілердің түсте, кешке тамақтануымен байланысты ұмытылмас сәттер қалыпты. Аспазшы Сейдахметтің әйелі Қайынжамал апай асты алалап құятын. Жұмысы ауырлау шөпшілер мен егіншілерге ожауды қазанның түбіне малып, қоюлау көже беретін. Ал шөмелешілерге, тырмашыларға сұйықтау көже құятын. Жұмыс істегенінен айғайы көп шешен Аюпқа көженің ыңғай сұйықтауы тиюші еді. Аюп болса: “Каинжамал! Налей мне коже погуще, а то ей богу убежишь”, – деп дікілдейтін. Оған Қайынжамал апай: “Ты, Аюп, не обижайся, ты лентяй, плохо работаешь, ночью спишь, днем спишь!” – деп дауласа кететін.

Маяшы Ілияс ағай болса: “Бибі, Бибі! Үлкен қасығым қайда, балаларға үлесім кетіп барады”, – деп ойынды-шынды күлдіретін еді. 1943 жылы майданда қайтыс болған Ілекеңнің түтіні кейін өшіп қалды.

Әкем жарықтық шөп бригадаларына кезек-кезек барып, мая үюге қатысатын. Үлкен шөмелелерді айырмен бір түйреп, биік мая төбесіне лақтырғанда оған ешкім ілесе алмайтын. Жалаңаш денесіне шөп ұнтағы жабысып, көзі кірбің тартып, шаршап-шалдығып оралатын. Ол күні бригадаға бір жеті бойы жиылған қымыз келетін. Әкем үйіскен шөп жайшылықта төрт-бес күн ішінде үйілген шөптен артық болушы еді. Оның үстіне әкем маяның биік болуын, төбесінің қырланып, жұмырланып шығуын қадағалайтын. Ондай маяларға су сіңбейтін, жауған қар да сырылып, етегіне түсетін. Бірақ шөпшілердің басым көпшілігі әйел еді, бала-шаға, жасы келген шалдар болатын, олардың маяны, шошақты ойдағыдай үюге шамалары келмейтін.

Иә, Қаратал қойнауында, Тайпақтың қырында, Қопаның қапталында, Тауқызыл мен Желқызылдың

беткейінде сол соғыс жылдары өткен балалықты ұмытып, қалай есейгенімізді білмей де қалдық-ау.

1944 жылы колхоз есепшісі Оразбек Жанақаев майданға кетті. Есепші болып мектеп мұғалімі Ержан Сейітов ағай тағайындалды. Рабфак бітірген, есепке шорқақ жан еді. Мен ағайға көмекші болдым. Қыс айында колхоздың бір жылғы есебін беруге отырдық. Сабактан шыға сала ағай екеуіміз есеп-қисапқа кірісеміз. Колхоздың табысы жоқтың қасы, қуаңшылық, егін шықпады, алайда мал басын сақтады, колхозшылардың бұзауларын контрактымен алып, сол арқылы ештеп өсім де болды. Екеулеп, зорға деп сыннан өттік-ау.

Соғыс жылдары ең қиналған күндер 1941 жылдың жазы мен күзі еді. Күнде майданға ел азаматтарын шығарып салатынбыз. Арбаға бір-бір дорбаларын салып, ауылдан Қарасуға дейін (үш шақырым) бүкіл ел болып жаяу шұбырып баратынбыз. Жылау-сықтау, қоштасу сәті осы арада бітетін... Азғантай уақыт ішінде елден 90-нан артық жігіт майданға кетті. Елде еркек кіндік қалмады деуге болатын...

1941 жылдың күзінде, әсіресе қыс айларынан бастап, елге қара қағаздар толқыны басталды. Кешікпей почта тасушы Хамза атай келген корреспонденцияны маған қарататын болды, қара қағазы бар конверттер белгілі болушы еді. Онда майдангердің аты болмайды, тек әскери бөлімнің номері болатын. Хамза хатты өзі апармай, елдің екі-үш шалын ертіп алып, суық хабарды жөн-жосығымен естіртетін. Бір жыл ішінде қара қағаз келмеген отбасы қалмады. Ел қайғылы күндерді бастан кешті. Жайшылықта шаршасақ та, ойын баласы біз ондай күндері мектепте де, түзде де момақан болып қалатынбыз. Қабағымыз қатыңқы, көңіліміз жабырқаулы болушы еді. Әрі-беріде болып жатқан қасіретке өзімізді кінәлі адамдай сезінетінбіз. Міне, осылай қайғы-қасіреттің қалың ішінде ой-санамыз өсіп, жасымыз жетпей есейе бердік. Шіркін, өмір-ай десейші, табиғатқа, адами болмысқа сен де осындай қиянат жасайды екенсің-ау!

* * *

Отбасының құпиясы

Ұлы Отан соғысы басталар жылы ауыл өмірінде келелі өзгерістер болды. Қаратал МТС-ы ашылып, орталығы біздің ауыл болды. Төрт жылдық мектеп жеті жылдыққа айналды. МТС пен мектепке сырттан көптеген мамандар келді. Ауыл шаруашылығы техникасын жөндейтін орталық ашылды.

Алғашқы жылы, мектепке келгенде мұғалімдердің ішінде Көкір деген ағай болды. Алайда бір-екі айдан кейін тесік өкпе (туберкулез) ауруы асқынып, ұстазымыз төсек тартып жатып қалды. Көкірге берген ағаш үйге МТС-тің саяси бөлімі орналасатын болды да, енді ұстазымыз Шайын деген біздің көршіміздің үйіне қоныс аударды.

Көкір ағай бізге көршілес болғалы әкем мен шешем екеуі бізден оңашаланып, күбірлесіп сөйлесуді көбейтті. Ел жата мамам дорба, қапшыққа, шелекке салып тамақ таситын болды. Мен көпке дейін әке-шешемнің құпиясына түсіне алмай жүрдім.

1942 жылы көктемде Көкір ағайдың арық, көтерем байталы арам өлді. Ағайдың басқа малы жоқ еді. Түнде егіс даласынан оралған әкем: “Мен Көкірді білмеймін. Ал оның жұбайы бұл өмірден өткен досым Құрманбайдың бәйбішесі, ал анау шашы жалбырап, жүдеп-жадап жүрген қыз соның жалғыз қалған көзі. Көкір хал үстінде жатыр. Жанашыр бір де жан жоқ. Жаз келе жатыр ғой, елмен бірге күн көрерміз. Нарды сыпырып, қапқа салыңдар, барын тең бөліп, түнделетіп сол үйге жеткізіндер. Тым болмаса бейітшілерге дұрыс бір шай қайнатып берсін”, – деді. Мен сонда ғана әке-шешемнің құпиясын түсіндім. Құрманбай 1938 жылы атылып кеткен екен, оның шашы жалбыраған қызына әкем бесік құда түсіпті. Ол болса достық көңілдің бір ғана көрінісі болса керек. Елге Көкір отбасының сырын шашқысы келмеген әкем мен шешемнің тірлігіне іштей разы болдым. Кешікпей Көкір ұстазым да дүние салды. Ақтық сапарға шығарып салған елдің қалың ортасында әкем жүрді.

* * *

Тағдыр тәлкегі

Соғыстың алдында Челябі түбіндегі башқұрт ағайындардың арасына байларды тәркілеу кезінде көшіп

кеткен Досбол қарттың отбасы елге оралды. Балалы-шағалы, алдына салып айдап әкелген малы бар. Аштықтан кейін есін жаңа жия бастаған елдегілерден Досбол отбасы қай жағынан болса да озық екендігі бірден көзге түсті. Үлкен ұлы Ислам орысша жеті сынып бітірген, еуропаша киінген, сұлу жас жігіт, үш бірдей баланың әкесі. Сұлтан деген екінші баласы орысша-қазақшаға жетік, ақын, он алты-он жетіге келген, өз қатарынан бойы жағынан ғана емес, ойы жағынан да анағұрлым биік. Ауыл балаларын ағаштың қойнауындағы алаңға жинап, Абайдың жаңа ғана шыққан жинағынан В. Маяковскийдің нақышына салып қолын сермеп, өлеңдер оқиды. Біз аузымызды ашып, пайғамбардан дәріс алғандай көк шөпте отырып тыңдаймыз. Өзіне трибуна, тыңдайтын аудитория тапқанына Сұлтан да риза. Кейде Сұлтан өз өлеңдерін оқиды. Көзі жасаурап, тынысы тарылып, дауысы діріл қағатын сәті де болады.

Соғыс басталған 1942 жылдың басында Сұлтан әскерге алынды. Кешікпей Шұбаркөл лагерінен қашып, елге оралды. Бұл жайды Ислам менің әкеме айтыпты. Әкем тұрып:

– Ислам, өкіметтің құрығы ұзын. Ұстап алып, түрмеге салса, баланың тағдыры не болады? Одан да мен аудандық әскери комиссариатпен (военком Ильичев деген офицер болатын) сөйлесейін. Кезекті әскери шақыруға Сұлтанды қосып жіберсін, — деп ақыл қосты Кешікпей Ислам інісін ауданға алып кетті.

Ислам аға ғажайып аңшы болатын. Жолда Қарасу деген шағын көлде отырған үйректерді көріп, шыдай алмай атыпты. Жалп етіп түскен құсты көргенде киімімен түсіп кетіпті.

Көктем кезі, құрғақ киімі жоқ Ислам ауданнан ауырып оралды да, төсекке жатты. Қос өкпесі қабынып, денесі оттай алаулап, қызуы көтерілді. Біз ауыл балалары Тұралы ағайдың үйінің қасындағы құдықтың ішіне қыста қатып қалған мұздарды шелекке мініп түсіп, ойып аламыз. Бірақ Ислам ағаның температурасын мұз да түсіре алмады. Айналасы бір жеті, он күнде Ислам қайтыс болды. Кешікпей майданға кеткен Сұлтаннан да қара қағаз келді. Қайғыға шыдай алмай, Досбол ата да құсадан өлді. Үлкен бір әулет көз алдымызда жоқ болды. Бұрын бір ауылдың қара шаңырағы болып